

Оқытушылардың сауалнама нәтижелері
"Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінде қашықтықтан білім беруді іске асыру деңгейін бағалау"

Ректордың 21.06.2021 ж. №849 бұйрығына сәйкес "қашықтықтан білім беруді іске асыру деңгейін бағалау" тақырыбында профессор-оқытушылар құрамынан сауалнама ұйымдастырылды.

Сауалнаманың мақсаты: Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінде қашықтықтан білім беруді жүзеге асыру процесін талдау.

Сауалнама тапсырмалары:

1. ЖОО-да оқытушыларды оқытуды басқарудың электрондық платформаларымен таныстыру деңгейін анықтау.

2. ПОҚ-ның әдістемелік және ақпараттық көмек деңгейін және университетте қашықтықтан білім беруге жаппай көшу кезінде атқарылған жұмыстарды анықтау.

3. Қашықтықтан білім беру форматында университеттің ПОҚ жұмысының тиімділігін бағалау.

Сауалнамаға университеттің 322 оқытушысы қатысты, 115 – қазақ тілінде, 207 - орыс тілінде.

Қорытындылар мен ұсыныстар:

1. Сауалнама нәтижелері Қарағанды Е.А. Бөкетов атындағы университетінде пандемия кезеңіне дейін қашықтықтан оқытуды ұйымдастырудың белгілі бір тәжірибесі болған екенін көрсетеді

2. Біздің университеттің ПОҚ-ның көп бөлігі 2020 жылдың наурызына дейін қашықтықтан оқыту тәжірибесіне ие болды, алайда біздің оқытушыларымыздың ¼ бөлігі үшін бұл жаңа тәжірибе болып табылды, сондықтан қашықтықтан оқыту технологияларын қолдану саласында оқытушылардың біліктілігін арттыру бойынша одан әрі жұмыс істеу қажет.

3. Оқытушылар жаппай қашықтықтан оқыту форматына көшу кезінде техникалық проблемаларды атап өтті (интернет жылдамдығы, гарнитураның сапасыздығы немесе болмауы және т.б.).

4. Университетте қашықтықтан оқытуды әдістемелік қамтамасыз ету және ұйымдастырушылық сүйемелдеу бойынша жұмыс ұйымдастырды: онлайн ресурстарды белсенді пайдаланатын оқытушылардың мастер-класстарын өткізу; оқытудың белсенді әдістерін, виртуалды зертханаларды және т. б. пайдалану бойынша семинарлар өткізу.

5. Оқытушылардың көпшілігінде қашықтықтан оқыту форматында авторлық курстар құру тәжірибесі жоқ, сондықтан сапалы авторлық қашықтықтан білім беру курстарын құру және оларды жаппай ашық онлайн курстар (ЖАОК) платформасында орналастыру саласында біліктілікті арттыру бойынша жұмысты бастау қажет.

6. Оқытушылар қашықтықтан оқытуға мәжбүрлі ауысу кезеңінде әріптестерімен байланысты үзбеді, кафедра басшылары еңбек тәртібін, студенттердің сабаққа қатысуын бақылауға мүмкіндік алды. Алайда, әріптестер

арасындағы қарым-қатынастың тиімділігін арттыру үшін өзара іс-қимылдың жаңа нысандарын жасау қажет болды, мысалы, сабақтарды бірлесіп өткізу.

7. Сауалнама нәтижелері ҚБТ қолдану саласында оқытушылардың біліктілігін арттыру кедесідей қажеттілігін көрсетті: студенттердің уәждемесін арттыру, студенттердің білімін, іскерлігі мен дағдыларын бағалау нысандары, дәстүрлі және қашықтықтан оқыту нысандарының элементтерін тиімді интеграциялау жолдары және т. б.

Қысқартылған нұсқада ұсынылған нәтижелер